

**№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінің педагог психологі  
А.Толыбаеваның 2021 -2022 оқу жылында атқарылған жұмыстардың  
жылдық есебі**

**Қыркүйек айында** 1- сынып оқушыларының мектепке даярлығы анықталды  
14 жұлдызында 1 сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуіне арналған  
«Бар ма, жоқ па?», «Жел тұрады» жаттығулары жүргізілді.  
5- сынып оқушыларыны Орта буынға бейімделуге арналған Кондаштың  
«оқушылардың мазасыздану деңгейін анықтау» әдістемесі ,  
«Кактус» әдістемесі н орта буынға бейімделуіне жұмыстар жүргізілді.  
«Бестерек » жобасы бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында кабинеттік  
талдау жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйектің 21 жұлдызында жас мұғалімдерге «Жас мұғалімдердің  
бейімділігін арттыру» психологиялық тренингі жүргізілді . Онда  
мұғалімдердің көзқарасы мен зеректігін дамытып, өзіне деген сенімділігін  
арттыру үшін «Интеллектуалдық шапшандық», «Сенесіз бе , сенбейсіз бе»  
«Кім жылдам» жаттығулары жүргізілді.

Қыркүйек айының 22 жұлдызында 1а, ә,б сынып оқушыларының есте сақтау  
қабілетін дамытуға арналған «Төрт құбылыс», «көңілді шеңбер», «орнынды  
тап», «сөзді есінде сақта» жаттығулары жүргізілді.

Қыркүйектің 23 жұлдызында 5 ә, б сынып оқушыларының орта буынға  
бейімделуінде мазасыздануы жоғары оқушыларға «Жоғары-төмен», «Ашулы  
шарлар» жаттығулары жүргізілді.

Қыркүйек айының 28 жұлдызында 1а, ә,б сынып оқушыларына зейінді  
дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

**Қазан айының 5 жұлдызында** Педагогтарға арналған «Қарым-қатынас  
мәдениеті»психологиялық тренинг жүргізілді.

07.10 ҰБТ-ға дайындық оқушыларды күйзеліс кезінде псих-қ тұрғыда қолдау  
«Мен кімін?», «Алманы жұлып ал», «Біз біргеміз» жаттығулары жүргізілді .

17.10 «Жас педагогтардың ойларын шыңдау » сайысы болды. 21.10 6-7  
сынып оқушыларына жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша  
мазасыздануы жоғары оқушыларға «Жоғары-төмен», «Ашулы шарлар», «кім  
жылдам» түзету-дамыту жұмыстарын жүргізілді. Оқушыларға шарларды  
үрлеген қатты әсер етті , онда өздерінің жеңілдеп қалғаны туралы айтты.  
«Бестерек » жобасы бойынша 5-8 сынып оқушылары арасында  
аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Менің отбасым»  
тақырыбында оқушылардан ессе алынып, тәуекел тобына бейім оқушылар  
анықталды.

9-11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу  
бойынша «Менің ең жақын досым» тақырыбында эссе алынып, тәуекел  
тобына бейім оқушыларды анықтадық.

Жоғары сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларына анонимдік сауалнама жүргізілді.

22.10 8 а,ә сынып оқушыларына «Жоғары-төмен», «Ашулы шарлар», «кім жылдам» түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

27.10 2 ә,б сыныптың үлгерімі төмен мазасыздану жоғары оқушыларына «Танысу», «Жемістермен ұрысамыз», «Екі тайпаның төбелесі» жаттығулары жүргізілді.

**Қараша айында** үлгерімі төмен оқушылардың сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасын жақсарту үшін 4 а сынып оқушыларына «Екі үй» әдістемесі жүргізілді. Сыныптың қарым-қатынасын жақсарту мақсатында «Аспазшылар», «Молекула», «Атомдар» жаттығулары жүргізілді..

«Бала тәрбиесіне ата-анамен мұғалімдердің тигізетін ықпалы» тақырыбында 9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған психологиялық тренинг жүргізілді. Онда Отан отбасынан басталады бейне баяны көрсетіліп, сол бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстар жүргізіліп, түрлі психологиялық кеңестер берілді.

«Бестерек» жобасы бойынша «Үй, ағаш, Адам» проективті әдісі жүргізілді. ҰБТ –ға дайындық 11 сынып оқушыларына «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында психологиялық сабақ өтілді. Онда оқушыларға емтиханда өздерін қалай ұстау керек екендігі және күн режимін ұстануға, тамақтануына көп көңіл бөлініп бірнеше кеңестер берілді.

9-11 сынып оқушылары арасында Пономоренко ұсынған «Ағаш» әдістемесі, Голомштоктың «Қызығушылық картасы» әдістемелері жүргізілді.

Темпераментті зерттеуге арналған Айзенк тесті, «Психикалық жай -күйді өзіндік бағалау» тестері жүргізілді. Педұжымға арналған «Мен ғажайыппын» психологиялық тренингі жүргізілді. Үлгерімі төмен оқушылармен мазасыздануын жеңуге арналған «Үрейді жеңу», «Өткеншек» жаттығулары жүргізілді.

**Желтоқсан айында** 10-11 сынып ұлдарына военкоматқа баратын оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында «Сенімділік», «Екі тайпаның төбелесі» жаттығулары жүргізілді

9-11 сынып оқушыларының темпераментін анықтау үшін Белов тесті жүргізілді. 9 – сынып оқушыларының мамандық таңдауына арналған ДДС дифференциалдық-диагностикалық сауалнамасы жүргізілді

Діни экстремизм және құқықбұзушылықтың алдын алуға 8-11 сынып оқушыларына арнайы мамандарды шақырып жиналыс өткізілді. Үлгерімі төмен оқушылардың сыныппен қарым-қатынасын анықтау үшін «Екі үй» әдістемесі жүргізілді. Сыныппен қарым-қатынасы анықталып, «Біз біргеміз» түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 9- сынып оқушыларын ОЖСБ-ға дайындауда күйзеліске берілгіштігін анықтауға Ховард ұсынған «Стресстен қалай арылуға болады?» тесті жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесіне қарай стреске бейім оқушыларға «Алманы жұлып ал», «Тыныс алу» жаттығулары жүргізілді. Жаңадан келген мамандарға арналған «Жас мамандардың бейімділігін арттыру тренингі» жүргізілді.

9 желтоқсан 9-11 сынып оқушыларына «Мен» бейнесін қалыптастыруға арналған психологиялық жаттығулар жүргізілді. Жаттығу барысында оқушылар өздерін еркін ұстап, барлық тапсырмаларды орындай білді.

13 желтоқсан 4-6 сыныптың үлгерімі төмен оқушылардың сыныппен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында «Біз біргеміз» түзету-дамыту жаттығулары жүргізілді.

28 желтоқсан жаңа жылдық метекеде 11 а, 11 ә сыныптар арасындағы іс-шарада «Алтын, қара орындық», «Мерекелік шарлар» ойын жаттығулары жүргізілді.

29 желтоқсан 9-10 сыныптар арасында өткен жаңа жылдық іс-шарада «Кім жылдам», «Биік ғимарат» жаттығулары жүргізілді. Жаттығудың мақсаты оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, мерекенің қызықты өтуіне жағдай жасау.

**Қаңтар айында:** Қаңтар айында 9-11 сынып оқушыларымен зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді. Жоспар бойынша 9 сынып оқушыларынан кәсіби бағдар бойынша мамандық таңдауға бейімділікті анықтау мақсатында Д.Голландтың «Мамандыққа икемділікті анықтау» тесті алынды. Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 8-11 сынып қыздарына жиналыс жасап, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша әскерге шақырылушы 2006 жылы туылған 10-11 сынып ұлдарымен психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мінездеме жазылды. Оқушылармен топтық, жеке жұмыстар (кеңестер, жадынамалар, әңгімелер) жүргізілді. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңестер берілді.

**Ақпан айында:** 8-9 сынып оқушылары арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, психологиялық кеңестер берілді. 2-7 ақпан аралығында мектепішілік психология апталығы жүргізілді. «PISA-2022» Функционалдық сауаттылыққа психологиялық даярлықтың жоспарын жасап, бекітірілді. Жоспар бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. 9-10 сынып оқушылары арасында Айзенктің «Тұлғаның бойындағы эмоциялық сферасын анықтау» әдістемесі алынып, оқушылардың сынақ алдындағы мазасыздану деңгейі анықталды. «Функционалдық сауаттылыққа қалай жақсы дайындалуға болады?» оқушыларға арналған мини лекция оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, психологиялық кеңестер берілді. 9-10 сынып оқушыларының ата-аналарына функционалдық сауаттылық бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналарға арналған сауалнама алынып қорытындысы шығарылды.

**Наурыз айында:** Функционалдық сауаттылыққа 9-10 сынып оқушыларын психологиялық тұрғыда дайындауда «Стрестен қалай арылуға болады?» психологиялық сабақ өтіліп,

оқушылардың стресске бейімділігі анықталып, стрестің алдын алу бойынша психологиялық кеңестер беріліп, тренингтер жүргізілді. Наурыз айында оқушыларды функционалдық сауаттылыққа дайындауда жүргізілген «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» тестінің қорытындысы. «Сенім менің серігім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыбында психологиялық сабақ өтілді. Төмен көрсеткіш берген оқушылардың төмен балл жинау себебі анықталып, психологиялық кеңестер берілді.

**Сәуір айында** жоғары және орта буын оқушылары арасында аутоагрессияның алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында «Сезімімнің ішкі әлемі» тақырыбында тренингтер жүргізілді.

«Көтеріңкі көңіл күй жанға қуат береді» тақырыбында мұғалімдерде жақсы көңіл күй қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Телефонға тәуелділік» тақырыбында видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларының ата-аналарына интернет сайттары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, психологиялық кеңестер жүргізілді.

11 сынып оқушылары арасында «ҰБТ-ға сенімділігіңді арттыр» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.

**Мамыр айында** 8-11 сынып оқушылары арасында Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар арасында ешқандай келеңсіздік жоқ екендігі анықталды. 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында психологиялық сабақ өтіліп, өзін өзі жоғары бағалауға, өзін көтеруге, өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған кеңестер берілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Бақытты бала саналы ата-ана» жобасы аясында Буллинг тақырыбында ата-аналарға, сынып жетекшілеріне кеңес беріліп, жадынамалар, түсіндірме жұмыстары жеке чаттар арқылы жүргізілді. Оқушылармен топтық, жеке жұмыстар (кеңестер, жадынамалар, әңгімелер) жүргізілді. Ата-аналар мен сынып жетекшілерінің сұрауы бойынша оқушылармен әңгіме жүргізіліп, оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңестер берілді.

Педагог-психолог :



А.Толыбаева